

**Кәмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылықтың алдын алу жөніндегі
Маңғыстау облысының 2003-2004 жылдарға арналған Аймақтық бағдарламасы**

Маңғыстау облыстық мәслихаттың 2003 жылғы 10 желтоқсандағы N 2/22 шешімі.
Маңғыстау облыстық Әділет басқармасында 2004 жылғы 7 қаңтарда N 1585 тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 1-тармағының 1) тармақшасына сәйкес облыстық мәслихат **шешім етті:**

1. Кәмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылықтың алдын алу жөніндегі Маңғыстау облысының 2003-2004 жылдарға арналған Аймақтық бағдарламасы бекітілсін (қоса беріліп отыр).

2. Осы шешім жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Т ө р а ғ а л ы қ е т у ш і ,

облыстық мәслихаттың хатшысы

Маңғыстау облыстық мәслихаттың
2003 жылғы 10 желтоқсандағы N 2/22
шешіміне қосымша

**Кәмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылықтың алдын алу жөніндегі
Маңғыстау облысының 2003-2004 жылдарға арналған
Аймақтық бағдарламасы
Бағдарламаның төлқұжаты**

Атауы Кәмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылықтың алдын алу жөніндегі Маңғыстау облысының 2003-2004 жылдарға арналған Аймақтық бағдарламасы

Әзірлеу үшін негіздер Ел Президентінің 1997 жылғы 10 қазандағы "Қазақстан-2030": барлық қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы" Қазақстан халқына жолдауы ; Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңы ; "Есірткі, психотроптық заттар, прекурсорлар және олардың заңсыз айналымы мен теріс пайдаланылуына қарсы іс-әрекет шаралары туралы" 1998 жылғы 10 шілдедегі заңы , Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасында нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрестің 2001-2005 жылдарға арналған стратегиясы туралы" 2000 жылғы 16 мамырдағы N 395 Жарлығы .

Негізгі әзірлеушілер Маңғыстау облысының әкімияты, облыстық ішкі істер басқармасы, облыстық білім және денсаулық сақтау басқармалары, облыстық кеден басқармасы, прокуратура.

Мақсаты Бағдарламаның басты мақсаты - кәмелетке толмағандар арасында нашақорлық пен алкоголизмнің таралу өсімін тоқтату. Өшін жағдайлар жасауды қамтамасыз етудегі маңызды нысаналы көрсеткіштер, өскін ұрпақтың қалыптасуы мен өсіп-жетілуі үшін саяси - құқықтық, әлеуметтік-экономикалық ұйымдастыру жағдайлары мен кепілдіктерін жасау және нығайту болып табылады.

Міндеттер Кәмелетке толмағандардың құқық бұзушылығы мен қоғамға жат іс-әрекеттерінің алдын алу; әртүрлі санаттардың есірткі тұтынудың алдын алу жүйесін жетілдіру, кәмелетке толмағандардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету; құқықтық сауаттылықты, арттыру үшін қажетті жағдайлар жасау; кәмелетке толмағандардың патриоттық және азаматтық қалыптасу жағдайларын қамтамасыз ету.

Қаржыландыру көздері Жергілікті бюджеттің қаражаты; донорлық ұйымдардың гранттары; демеушілік көмектер.

Күтілетін нәтижелер Осы Бағдарламаны іске асыру жоғалтылған әлеуметтік құндылықтарды қайта қалпына келтіруге мүмкіндік береді. Бағдарламаны іске асыру үдерісінде кәмелетке толмағандар өз құқықтары мен міндеттерімен танысуға тиіс, мұның өзі олардың соқыр сана-сезімдерін оятуға мүмкіндік береді. Үгіттеу саясаты, олардың өз жағдайларына көңіл аударуына әрі қорытынды жасауына, сөйтіп қоғамды кіріктірудің негізіне алуға есептелетін болады. Бағдарлама, облыстағы жасөспірімдер жасайтын қылмыс деңгейін азайтуға, өскін ұрпақтың денсаулығын жақсартуға және жасөспірімдер өлімін азайтуға, рухани, шығармашылық әлеуетін арттыруға бағытталған. Жастардың жұмыспен қамтылу инфрақұрылымын қамтамасыз ету және олардың кәсіптік өмірінің нақты бағытын анықтау мақсатында Бағдарламаны іске асыру, кәсіби қызметтің субъектісі ретінде жастардың бойында өзі туралы білуін, еңбек қызметінде өз қабілетін көрсетуде табандылық пен орнықты дәлелдеу деңгейін өзі бағалауының оңқсақтығын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Бұл, өз кезегінде, еңбек рыногына мамандығы жоқ әрі жұмыс іздестірудің қазіргі заманғы әдістерін меңгермеген жастар ағынын азайтуға әкеледі. Бағдарламаның іс-шараларын іске асыру нәтижесінде мыналарға қол жеткізілетін болады деп жорамалданады:

- облыста нашақорлық таралуының іс жүзіндегі ауқымы мен осыған байланысты қоғамның шығынын айқындау;

- есірткілердің заңсыз айналымына қарсы әрекет жасау саласында, оларды практикалық қажеттілікке жақындату мақсатында есірткі, психотроптық заттардың тізіміне уақытылы өзгерістер мен толықтырулар енгізуді қамтамасыз ету; нашақорлықпен ауыратын адамдарды емдеу мен оңалту жүйесінің әдістемесін жетілдіру. Бұдан басқа, қылмысқа қарсы күрес үшін қажетті нормативтік құқықтық база қалыптасады, жалпы тұрақтану беталысы орнығады, көшелер мен басқа да қоғамдық орындарда жағдай жақсарды.

Қоғамдық имандылық құндылықтары қалпына келтіруге мүмкіндік береді.

Бағдарламаны іске асыру үдірісінде кәмелетке толмағандар өздерінің құқықтары және міндеттерімен танысуы қажет, бұл олардың соқыр сезімдерінің оянуына ықпал етті. Үгіттік саясат жұмыстары оларды өздерінің жағдайына көңіл аударып, қорытынды шығаратындай етіп жүргізілуі тиіс, ол қазіргі қоғамды интеграциялаудың жолына алынады. Бағдарлама, облыстағы жетесіздік бағыттағы кәмелетке толмағандар санының өсуіне азайтуға бағытталған. Жастардың жұмыспен қамтылуы инфрақұрылымын қамтамасыз ету және олардың нақты бағыттарымен кәсіби тұрмысын айқындау мақсатындағы Бағдарламаны іске асыру "кәсіби қызметтің субъектісі саналатын жастардың өздері туралы көп нәрсе білуіне, еңбек қызметіне өзін-өзі көрсетуді орнықты дәлелдеп қалыптастыруға мүмкіндік береді. Бұл өз кезегінде еңбек рыногында мамандығы жоқтардың және жұмыс іздеудің осы заманға әдістерді пайдалана білмейтін жастардың келуін азайтатын болады. Бағдарламаның іс-шаралар іске асырудың нәтижесінде мыналарға қол жеткізу ұйғарылып отыр;

- облыста нашақорлықтың таралуының нақты көлемін және олармен байланысты қоғамның шығынын айқындау, есірткілердің заңсыз айналымына қарсы әрекет жасау саласындағы тәжірибені қажеттілікке жарату мақсатында есірткі, психотроптық және күшті әсер ететін заттардың тізімдеріне қазіргі заманға сай өзгерістер мен толықтыруларды енгізуді қамтамсыз ету;

- нашақорлықпен ауыратын адамдарды емдеу және оңалту жүйесінің әдістемесін ж е т і л д і р у .

Бұдан басқа, қылмыспен тиімді күрес жүргізу үшін қажетті нормативтік және құқықтық база қалыптасады, жалпы тұрақтандыру бағыты орнығып, көшелер мен басқа да қоғамдық жерлерде жақсара түседі.

1. Кіріспе

Осы құжатты қабылдау жасөспірімдер ортасындағы құқық бұзушылық пен қылмыстың алдын алуды күшейту, құқық бұзушылық жасаған кәмелетке толмағандардың әлеуметтік психологиялық оңалту, есірткі және психотроптық заттарын тұтыну проблемаларына деген қажеттіліктен туындап отыр. Бағдарлама кәмелетке толмағандардың психологиялық және табиғи денсаулығын сақтауда, кәмелетке толмағандар мен жастардың арасында жаппай құқықтық жұмыс жүргізуде әртүрлі құрылымдардың жұмысын бағыттайды және үйлестіреді, жас өскіннің рухани-адамгершілік, зияткерлік және шығармашылық әлеуетін арттырады.

Балалар мен кәмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылықтың алдын алу жөніндегі 2003-2004 жылдарға арналған өңірлік бағдарламасы Маңғыстау облысының барлық мемлекеттік, шаруашылық және қоғамдық органдарының жас азаматтарды қалыптастыру мен дамыту үшін әлеуметтік-экономикалық, құқықтық және ұйымдастырушылық жағдайларды қамтамасыз етудегі күш-жігерін топтастыруды көздейді. Қоғамды қайта өзгертіп құрудың күрделілігі, өскін ұрпақ өмірінің барлық қырына әсер етті. Тәрбиелеудің дәстүрлі проблемаларын шешудің мазмұны мен

тәсілдері өзгерді, ол жаңа тарихи жағдайда қағидатты түрде өзге негізде қаралуға тиіс. Әлеуметтік бағдардағы экономикасы бар демократиялық қоғамды құру балалар мен кәмелетке толмағандарды ізгіліксіз және рухани дамытпайынша, қазақстандық өскін ұрпақтың бойында патриотизм, кәсіби біліктілік, жауапкершілік, өткен ұрпақтың дәстүрлері мен әлемдік өркениет жетістіктеріне құрметпен қараушылық сияқты қабілеттерін қалыптастырмайынша мүмкін болмақ емес.

Мемлекет (Маңғыстау облысындағы оның атынан барлық мемлекеттік, шаруашылық және қоғамдық органдар) балалар мен кәмелетке толмағандардың өз өмір жолын таңдауда, оның материалдық деңгейі мен әлеуметтік жағдайына қарамастан, жеке табысқа қол жеткізуі мүмкіндігін кеңейту үшін барлық жағдайлар жасауға тиіс. Тек осындай жағдайда ғана бағдарламаның негізгі міндеті - кәмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылық пен қылмыстың, қадағалаусыздықтың алдын алу ықпалды болмақ.

2. Маңғыстау облысындағы балалар мен кәмелетке толмағандардың қазіргі жай-күйін талдау

2.1 Балалар мен кәмелетке толмағандардың әлеуметтік-демографиялық сипаттамасы

Маңғыстау облысында кәмелетке толмағандар саны 121042 адам құрайды.

Қазіргі кезде балалар мен кәмелетке толмағандар, әлеуметтік қызмет көрсетулермен қамтамасыз етілуі жөнінен қоғамның мейлінше осал жіктерінің бірі болып табылады. Облыс аумағындағы кәмелетке толмағандар арасындағы бақылаусыздық пен қылмыстың жай-күйі елеулі толғаныс пен алаңдаушылық туғызуда.

Кәмелетке толмағандардың бақылаусыздығының, қадағалаусыздығының және қылмыстылығының себептері жұмыссыздық болып табылады. Көптеген өнеркәсіп кәсіпорындары жұмыс істемейді. Балалардың көпшілігі материалдық мұқтаждық салдарынан балабақшаға бара алмайды (01.01.2003 жылға балабақшада бар болғаны 6563 бала болды) тастанды балалар саны көбейді (01.01.2003 жылға- 69 бала).

Кәмелетке толмағандардың бір бөлігіне уақытын өткізуін ұйымдастырылмауы, олардың арасында уытқұмарлықпен нашақорлықтың таралуы үшін қолайлы негіз жасауда. 01.01.03 жылға денсаулық сақтау органдарында 180 кәмелетке толмағандар, оның ішінде "уытқұмар" диагнозымен 21-і, "нашақор" диагнозымен 2-і есепте тұр.

Бағасына қол жетерлік демалыс базаларының, сауықтыру лагерлерінің болмауы, тұрғылықты жері бойынша бос уақытын ұйымдастырудың әлсіздігі, жасөспірімдердің аулалар мен көшелерде қадағалаусыздығы, тәрбиесі қиын балаларға немқұрайды қараушылық сапалық жағынан үшқалақ жастарды қылмыстық топтарға тартуға және нақты қылмыстар мен құқық бұзушылықтар жасауға әсер етуде.

Кәмелетке толмағандар жасаған құқық бұзушылыққа ата-аналары мен төңірегіндегі адамдар тарапынан бақылаусыздығы мен немқұрайлығы теріс көрініс беруде. Араздасқан отбасы балалардың психикасын қалыптастыру үдерісін бұзады. Отбасылық дәстүрлер мен әдет-ғұрыптардан артта қалушылық болған жағдайда, дұрыс

тәрбиелемеу жағдайында, теріс дағдылар мен талғамдар, мінез-құлықтың теріс үлгілері үшін негіз қалайтыны баршамызға белгілі.

Оқу орындарында оқытуды өмірден алшақ жүріп, түсінік жұмыстарының деңгейі мардымсыз болып табылады бітірушілердің практикалық қызметке дайындығы нашар.

Жасөспірімдер жасаған қылмысқа талдау, қылмысы үшін сотталған әрбір үшіншісі, қылмыс жасаған сәтінде еш жерде жұмыс істемегенін және оқымағанын дәлелдеп отыр. Алкогольдік мас күйінде қылмыс жасаған кәмелетке толмағандардың көпшілігі (8) алкогольді, есірткіні тұтынудың ауыр зардаптары мен осы салада ықтималды құқықтық салдарын терең сезінбейді. Көптеген кәмелетке толмағандар үшін қоғамдық құндылықтарының, биік мұраттарының болмауы, жалпы зияткерлік өсіп-жетілу деңгейінің төмендігі тән.

2.2 Балалар мен кәмелетке толмағандардың проблемаларын шешудің жолдары

Алкоголизм мен нашақорлық проблемасы айтарлықтай өткір тұр. Алкоголизм, нашақорлық және қылмыс сияқты осындай ұғымдар арасында бірмәнді, тура бағыттағы емес, қайта күрделі, диалектикалық байланыс бар. Бұл - әлеуметтік патологияның әртүрлі нысандары, онда олар үшін терең әлеуметтік ортақ себептер болады. Алкогольды артық ішетін, есірткі тұтынатын және қылмыстар жасайтын жасөспірімдер санын тежеу үшін, статистика нормаларының шеңберінде барлық тиісті мемлекеттік органдар мен мемлекеттік емес ұйымдардың іс-қимылын үйлестіру және оларды іске асыру жөніндегі негізгі бағыттарын әзірлеп жасау қажет.

Қазіргі кезде қоғам өмірінде бастау алған ізгіліктің өсе түсуі мен сапалық фактордың ықпал ету саласының кеңеюі құқықтық тәрбие берудің маңызын еш төмендетпейді, себебі осынау әрекет үстіндегі қарым-қатынастар, тек бір ғана сапалық жағынан толық реттелмейді, оларды реттеу үшін құқықтық ықпал етуді талап етеді. Осыған байланысты оқушыларды құқықтық тәрбиелеуде, олардың бойында мінез-құқының азаматтық белгілерін, заңдарды түсіну психологиясын, сіңіруді қалыптастыруда жалпы білім беретін мектептердің функциясы артады.

Жасөспірімдердің бойында өмір тәжірибесінің және заңдардан білімінің болмауы, оларда жиі ұшырасатын қасіреттің себебі болып табылады.

Құқықтық тәрбиенің жеткіліксіздігі, кәмелетке толмағандар өмірдің алуан түрлі жағдайларына тап болып, жаңсақ және қате көзқарастарға сүйене отырып, бірқатар құбылыстар мен фактілерге жиі бұрыс баға береді, сол немесе өзге де мәселелерді шешу кезінде өздерін лайықсыз ұстайды.

Жеке тұлғаның жалпы ой-өрісін, оның қоғам өмірі, мемлекеттің қызметі туралы, адамдардың өзара қарым-қатынасының негізгі нормалары туралы, жол берілетін және заңсыздық туралы түсініктерін кеңейте отырып құқықтық тәрбие, адам бойындағы алған білімімен үйлесім табуы, оны толықтыруы әрі тереңдетуі, құқықтық ұғымдардың белгілерін қалыптастыруға тиіс.

Балалар қылмысының проблемаларын еңсерудегі табыс, отбасындағы, мектепке

дейінгі балалар мекемелеріндегі, жалпы білім беретін мектептердегі тәрбие жұмысының қалай тиімді жолға қойылғанына байланысты болмақ. Кәмелетке толмағандардың тұрғылықты жері бойынша бос уақытын және салауатты өмір салтын ұйымдастыру, тұрмысы төмен отбасыларына әлеуметтік көмек көрсету, аға ұрпақты құрметтеу, қамқорлық жасау және мейірімділік таныту рухында тәрбиелеу-балалар мен кәмелетке толмағандар проблемаларын шешудің негізгі жолы.

3. Бағдарламаның мақсаттары мен міндеттері

Мемлекеттік органдар мен қоғамдық ұйымдардың барлық құрылымдары арқылы нашақорлық пен уытқұмарлыққа айырықша назар аударып, құқық бұзушылық пен қылмыстың алдын алу жөнінде кәмелетке толмағандар арасында түсінік, алдын алу және ұйымдастыру жұмыстарының шаралары кешенін кең ауқымда енгізілуін қамтамасыз ету. Балалар мен ойдағыдай жұмыс істеу барысында кәмелетке толмағандар арасында қадағалаусыздық пен құқық бұзушылықтың алдын алу, оларға қажетті тәрбиелік ықпал ету, сондай-ақ балалар мен жасөспірімдердің мүддесін қорғауда қажетті көмек көрсету жөнінде қойылған міндеттерді ойдағыдай орындауға өзінің іскерлік әрі сапалық қабілеті қажет;

- жергілікті жерлерде балалармен және кәмелетке толмағандармен жұмыс жасау үшін жауапкершілікті арттыру жөніндегі шараларды іске асыру және жетілдіру барлық меншік нысандарындағы және ұйымдық құқықтық нысандарындағы ұйымдар әкімшіліктерінің кәмелетке толмағандарға қатысты еңбек заңнамасының сақталуына, тұрғылықты жері бойынша білім беру, мәдени-ағарту мекемелері мен спорт ұйымдарында кәмелетке толмағандармен тәрбие жұмысының жай-күйіне бақылауды жүзеге асыру ;

- балалар мен кәмелетке толмағандардың бойында азаматтық пен патриотизмді дамыту.

4. Бағдарламаны қаржыландыру көздері

Бағдарламаны қаржымен қамтамасыз ету жергілікті бюджеттің қаражаты есебінен жүзеге асырылады .

Есірткіге қарсы іс-шараларды жүргізуге заңды және жеке тұлғалардан ерікті қайырмалдық түріндегі қаржы қаражаты тартылуы ықтимал.

5. Бағдарламаны іске асырудан күтілетін нәтиже

Бағдарламаның іс-шараларын іске асырудың нәтижесінде мыналарға қол жеткізу ұйғарылып отыр ;

- облыста нашақорлық таралуының іс жүзіндегі ауқымын және осыған байланысты қоғамның шығынын айқындау ;

оларды есірткінің заңсыз айналымына қарсы іс-әрекеттер саласындағы практика қажетіне жақындату мақсатында есірткі заттарының, психотроптық күшті әсер ететін заттардың тізіміне уақытылы өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі қамтамасыз ету;

- нашақорлықпен ауыратын адамдарды емдеу мен оналту жүйесінің әдістері

ж е т і л д і р у .

Бұдан басқа, қылмысқа қарсы тиімді күрес үшін қажетті нормативтік құқықтық база қалыптасады, жалпы тұрақтылық беталысы бекиді, көшелер мен басқа да қоғамдық орындарда ахуал жақсарады.

6. Кәмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылықтың алдын алу жөніндегі Маңғыстау облысының 2003-2004 жылдарға арналған Аймақтық бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары Балалар мен жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықтың алдын-алу

Рет	Іс-шаралар атауы	Іске асыру нысаны	Мерзімі	Орындауға жауаптылар	Жорамал шығыстар
1.	Жасөспірімдердің құқық бұзушылық пен қылмыс жасауына ықпал ететін себептер мен жағдайларға әлеуметтік сұрау салулар мен зерттеулер жүргізу	Облыстық әкімиятқа ақпарат	Токсан сайын	ОББ, ОІБ, КТҚҚК	
2.	Қоғамдық санада есірткіге, алкогольға және темекі шешуге деген жиіркенішті сезімді оятуға мақсатталған әркилы жас топтарына есептелген арнайы әзірленімдер мен жаппай таралым материалдарының	Брошюра-лар, жадуалдар шығару	2004 ж. 2 тоқсаны	ОДСБ, ОББ	500 мың теңге
3.	Кәмелетке толмағандар арасында нашақорлықтың, алкоголизмнің, ЖҚТБ-нің, қылмыстың алдын алу тақырыбында оқу орындарында семинарлық және лекциялық сабақтар өткізу	Арнайы жоспар бойынша	Тұрақты	ОББ, ОДСБ, ОІБ	
4.	ШАШ шеңберінде облыс аумағында "Жасөспірім", Бос уақыт, "Бақылау", "Топ", "Денсаулық", "Сабақ", "Жаппай оқу" кешенді шұғыл алдын алу шараларын жүргізу тәжірибесін жалғастыру	ІБ бұйрығы	Токсан сайын	Қалалар мен аудандар әкімдері, ОІБ, КТҚҚК, ОББ	
5.	Облыстық "XXI ғасыр жастары нашақорлыққа қарсы" кең ауқымды акциясын жүргізу (акция шеңберінде жасөспірімдер нашақорлығы проблемасы бойынша үздік суреттерге, плакатқа конкурс) ұйымдастыру, дискотека өткізу; үгіт материалдарын дайындау және теле, радио хабарларын осы тақырыпқа арнап шығару)	Бірлескен бұйрық	2004 ж. мамыры-маусымы	ОЖО "Арман", ОББ, СӨСҚПО, ОІБ	800 мың теңге
6.	Кәмелетке толмағандар арасындағы нашақорлықтың,	Ұсыныстар		ОІБ, ОДСБ, ОББ	

	алкоголизмнің алдын-алу жөніндегі оқу орындарының оқытушылары үшін әдістемелік ұсынымдарды әзірлеу және енгізу		2004ж.		
7.	Оқу орындарында полицияға жәрдемдесетін жастар отрядтарын құру жөніндегі жұмысты жалғастыру	Бірлескен бұйрық	2004 ж. ішінде	Қалалар мен аудандардың әкімдері, ОЖО "Арман", ЖОО, ОАОО басшылары ІІБ(келісім бойынша)	
8.	"Студенттік көктем" фестивалін өткізу	Бұйрық	2004ж. ІІ тоқсан	ОЖО "Арман", ОББ	800 мың теңге
9.	Кәмелетке толмағандардың құқықтық санасезімін көтеруге бағытталған жұмыстарды жүргізу; құқықтық тақырыпқа лекциялар, сайыстар, КТК-лар викториналар, олимпиадалар өткізу, БАҚ-да жарияланымдар мен материалдарды жазып көрсету	Арнайы жоспар бойынша	Тұрақты	ОББ, КТҚҚК, ОПБ	
10.	Мынадай семинар-тренинг өткізу; - кәмелетке толмағандар және қылмыстық заң; кәмелетке толмағандар және оның әкімшілік, еңбек және жалпы құқықтары; халықаралық құқық нормалары мен стандарттары саласындағы кәмелетке толмағандар	Арнайы жоспар бойынша	Іс- шаралар жоспары бойынша	ОББ, ОПБ, КТҚҚК	
11	Жұмысшы және оқушы жастар арасынан жастар парламентін құру және ұйымдастыру	Іс- шаралар жоспары	2004ж. сәуір	ОЖО "Арман", ОББ АжҚКБ (келісім бойынша)	
12	Мемлекеттік органдардың және жұртшылық өкілдерінің қатысуымен "Дөңгелек үстел" өткізу	Арнайы жоспар бойынша	Тұрақты	Қалалар мен аудандар әкімдері, ОББ, КТҚҚК, ОПБ	
13	Өскелең ұрпақтың тәрбиесіне кері әсер ететін қоғамдық және діни бірлестіктердің жұмысын анықтау және жолын кесу жөнінде тексеру жұмыстарын жүргізу	Іс- шаралар жоспары	Кесте бойынша	ОПБ, ОББ	
14	Міндетті орта білім алудан қасақана жалтарып оқу орнына бармай жүрген жасөспірімдерді анықтау жөнінде тұрақты шаралар жүргізу, оқу мезгілі кезінде оқудан жалтаруына ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою үшін шаралар алу	Облыс әкіміне ақпарат	Жартыжылдықта бір рет- бірлескен жоспар бойынша	ОББ, ОПБ	

Балалар мен кәмелетке толмағандарды әлеуметтік оңалту

15	Жетім балаларға және тұрмысы төмен отбасыларына, әлеуметтік жағынан қорғалмаған жанұя балаларына арнап балалардың сауықтыру лагерін ашу	Облыс әкімінің шешімі	2004ж. 2 тоқсаны	ОББ	3,5 млн. теңге
16	ОПБ-ның КТУ-ОАБО-н спортқа, оқуға, ойынға қажетті бұйымдармен, оқу құралдарымен қамтамасыз ету	Облыс әкіміне ұсыныс	2004ж. 1 тоқсаны	ОПБ	200 мың теңге
17	КТУ-ОАБО-на әкімшілік ғимарат бөлу	Облыс әкімшілігінің қаулысы	2004ж. 3 тоқсаны	КМБД, ОПБ	Шамамен 3 млн. теңге құрылыс жөндеу жұмыстарына
18	Балалар үйінің, жетімдер мекемелерінің туысқандық және әлеуметтік байланысын жоғалтқан тұлғаларды әлеуметтік бейімдеу тетігін әзірлеу	Іс- шаралар жоспары	2003-2004 жж.	Қалалар мен аудандар әкімдері, ОПБ, ОББ	
19	Балалар мен жасөспірімдер мінез-құл-қынындағы ауытқушылықтарды түзетудің көкейкесті мәселесі бойынша ата-аналарды педагогикалық, құқықтық, психологиялық, ағартудың нысандарын құру	Білім мекемелерінде семинарлар	Кесте бойынша	ОББ, ОДСБ, ОПНД, ОЖО "Арман", АжҚКБ (келісім бойынша)	

Бос уақытты, салауатты өмір салтын және жұмыспен қамтуды ұйымдастыру

20	Жұмыссыздар қатарындағы жастарды, оның ішінде халықтың әлеуметтік қорғалмаған жіктеріне арналған квоталар есебінен жұмысқа орналасуын талдау	Облыс әкіміне ақпарат	Кесте бойынша, жыл сайын	Облыстық еңбек, халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасы, ОЖО "Арман"	
21	Тұрғылықты жерлері бойынша жастардың эксперименталдық аула клубтарын құру және ұстау	Облыс әкімінің шешімі	2004ж. 2 тоқсаны	Ақтау, Жаңаөзен қалаларының әкімдері, ОББ, ОЖО "Арман"	5 млн. теңге (штаттар енгізу, жабдықтау, ғимарат-тарды ағымдағы жөндеу)
22	Кейіннен жұмыс берушілерге оқытуға арнайы орта оқу орындарын бітірген тұлғалар ішінен жас мамандар базасын құру	Мамандықтар тізілімі бар деректер базасы	Кесте бойынша	ОЖО "Арман", ОАОО (келісім бойынша)	
23	Жазғы мезгілде жастармен жасөспірімдерді жастардың еңбек отрядтарында жұмыспен қамтамасыз ету	Іс- шаралар жоспары	жыл ішінде	ОЖО "Арман", Облыстық еңбек, халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасы,	

24	Балалар мен жасөспірімдердің жазғы демалысын, сауықтырылуын ұйымдастыру	Облыс әкімиятының қаулысы	Жыл сайын	Қалалар мен аудандардың әкімдері, ОББ, ОПБ, ОДСБ	
25	16 және 18 жас аралығындағы жұмыссыз жасөспірімдерді кәсіби оқытуды, қайта даярлауды ұйымдастыру, оларды қоғамдық жұмыстарға жіберу	Нормативтік құжаттарға сәйкес	2003-2004 ж.ж.	Қалалар мен аудандардың әкімдері, Облыстық еңбек, халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасы,	
26	Жазғы мезгіл кезінде мектеп оқушылары үшін қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру	Облыс әкімінің шешімі	2003-2004 ж.ж.	Қалалар мен аудандардың әкімдері, Облыстық еңбек, халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасы,	
Балалар мен жасөспірімдердің бойында патриоттық пен азаматтықты дамыту					
27	Оқу орындарында ерлік тақырыбына сабақтар өткізу	Іс- шаралар жоспары	Кесте бойынша, жыл сайын	ОББ, ЖОО, ОАОО басшылары (келісім бойынша)	
28	"Рухани жанғыру" ауыл жылына арнап, жоғары сынып оқушыларын тарта отырып Маңғыстаудың тарихи орындарында болу, тарихи-өлкетану экспедицияларын ұйымдастыру және өткізу	Іс- шаралар жоспары	4 тоқсан, жыл сайын	Облыстық мәдениет басқармасы, спорт және дене мәдениеті басқармасы, ОББ	300 мың теңге
29	Жалпы білім беру мектептерімен соғыс және еңбек ардагерлерінің кеңесі арасында қарым қатынас орнату	Іс- шаралар жоспары	Тұрақты	ОББ, еңбек және соғыс ардагерлер кеңесі (келісім бойынша)	
30	Балалар мен жасөспірімдер арасында облыстық "Шығыс жекпе-жегі" бойынша фестиваль өткізу	Іс- шаралар жоспары	4 тоқсан, 2003 ж	Спорт және дене мәдениеті басқармасы	200 мың теңге
31	Облыстық құқық қорғау органдарын жергілікті кадрлармен одан әрі жасақтау мақсатында ҚР ІІМ-нің оқу орындарына түсетін жоғары сынып оқушыларына арнап, Ақтау қаласындағы ІІМ училищесінен "Жас полицей" дайындық курстарын ашу	Дайындық курсы ашу	2004ж.	Ақтау қаласының әкімияты, ОББ, ОПБ	
32	Әскерге шақырылатын және әскердегі жастарды патриоттық тұрғыдан тәрбиелеудің нысандары мен әдістерін жетілдіру	Бірлескен іс-шаралар жоспары	жыл ішінде	Қалалар мен аудандардың әкімдері, ОӘК, ОББ, АЖҚКБ (келісім бойынша), ОЖО "Арман"	

Ескертпе: қысқартылған атаулар

ОЖО "Арман" - облыстық "Арман" жастар орталығы
ЖОО - жоғары оқу орны
ОАО - орта арнайы оқу орны
ОББ - облыстық білім басқармасы
КТҚКК - кәмелетке толмағандардың құқық қорғау комиссиясы
ОІБ - облыстық ішкі істер басқармасы
БАҚ - бұқаралық ақпарат құралдары
ОДСБ - облыстық денсаулық сақтау басқармасы
СӨСҚПО - салауатты өмір салтын қалыптастыру проблемасы орталығы
КТУ-ОАБО - кәмелетке толмағандарды уақытша орналастыру, ақтау, бейімдеу
о р т а л ы ғ ы
МОАЖҚКБ - Маңғыстау облысының ақпарат және қоғамдық келісім басқармасы,
Ұ Қ К - Ұ л т т ы қ
қ а у і п с і з д і к к о м и т е т і
ОӘК - облыстық әскер комиссариаты
АжҚКБ - ақпарат және қоғамдық келісім басқармасы
КМБД - Коммуналдық меншікті басқару департаменті